Меңгеруші жанындағы кеңестің
№1 хаттамасы

02.09.2022 Қатысқандар:9

Күн тәртібінде

1.Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы туралы.
2.Жалпы және топтық ата -аналар жиналысына дайындық туралы.
3. «Ана тілім-дана тілім» атты тәрбие сағатын өткізу туралы.
4.Балалардың салмақ,бойларын өлшеу туралы.
5. Түрлі мәселелер.

1.Тыңдалды: Б/б меңгерушісі А.Медетова төмендегідей сөз сөйледі.Ол өз сөзінде 2022-2023 оқу жылына балабақша қызметкерлерінің қандай дәрежеде екенін айтты. Тәрбиешілер мен көмекшілер әр қайсысы өз топтарын безендірген.Бірақ топтардың дамыту орталықтары жоғары деңгейде емес. Тәрбиешілер өздерінің функционалдық қызметтерін ұмытып кетіп жүр.Бірде бір топта балалардың ой өрісін дамытатын дамыту орталары толық емес.Бұдан 2 жыл 1жыл бұрын тәрбиешілер жасаған заттар,қол еңбегі ғана бар.Барлық тәрбиешілерге ескерту беріледі деді меңгеруші. Меңгеруші сонымен қатар,тәбиешілердің оқу әдістеме құжаттарының толтыру деңгейі қаншалықты деп сұрады. Және барлық тәрбиешілердің жоспарлары мен дәптерлерін біртіндеп тексеріп шықты.Тексеру барысында мына төмендегі кемшіліктер анықталды.Ортаңғы топ тәрбиешісінде мониторинг жоқ.Меңгеруші жоғарыда анықталған кемшіліктерді алдағы уақытта болдырмауды талап етті.

2.Тыңдалды: Б/б әдіскері А.Мукажанова сөз алды. Ата- аналар жиналысында бірнеше мәселелер қаралады деді.

1. «Келіңіз танысайық» жаңа келген ата аналарға балабақша қызметкерлерін таныстыру және ата аналар комитетін сайлау және т.б. Күн тәртібінде қаралатын мәселелер бойынша жауаптылар дайындалып келіңіздер деді әдіскер.

3.Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша б/б меңгерушісі А.Медетова сөз алды. Жылдық жоспар белгіленген іс-әрекетті орындау мақсатында балалармен жұмыс жүргізуіміз керек.Қыркүйек айында «Ана тілім- дана тілім» атты тәрбие сағаттары өтіледі.

4.Тыңдалды: Балабақша мейірбикесі З.Ембаева сөз алды. Ол өз сөзінде балабақшаға жаңадан келіп жатқан балалардың бойы және салмағын өлшеп,белгілеп жүргенін айтты.Ол бұл процедураны тамыз айында жүргізгенін айтты.

5.Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша б/б меңгерушісі А.Медетова сөз сөйледі. 2022 жылдың қыркүйек айында топ бұрыштары жасалсын.

Шешім:

1.Барлық топта өткен «Ана тілім-дана тілім» тәрбие сағатына жақсы деген баға берілсін.
2.Балабақшаның топ бұрыштары уақытында жасалсын.

Б/б меңгерушісі: А.Медетова

Әдіскер: А.Мукажанова

Меңгеруші жанындағы кеңестің
№2 хаттамасы

Қатысқандар:7

02.11.2022ж

Күн тәртібінде

1Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Тіл туралы» тәрбие сағаттарын талқылау туралы.
3. Тәуелсіздік және жаңа жыл мерекелеріне дайындық туралы.
4. Түрлі мәселелер.

1.Тындалды: Б/б меңгерушісі А.Медетова сөз сөйледі.Ол өз сөзінде өткен кеңестің шешімдерінің орындалғаны туралы айтты.Балабақшада жалпы және топтық ата-аналар жиналыстары өткізілді. Барлық топта «Ана тілім-дана тілім» атты тәрбие сағаттары өткізілді.Балабақшада балалардың салмағы бойлары өлшенеді.

2.Тындалды: Балабақша меңгерушісі А.Медетова сөз сөйледі.Ол балабақшада болып өткен тәрбие сағаттарына тоқталды.Сахна мерекеге сай безендірілген.Балалар «Ана тілі» туралы тақпақтар айтты.

3.Тындалды:Б/б меңгерушісі А.Медетова және әдіскері А.Мукажанова сөз сөйледі, олар өз сөздерінде еліміздің тәуелсіздігіне арналған еркін айтулы іс-шара келе жатқаны айтылды. 2022 жылдың желтоқсан айында осы іс-шараға ұжым болып дайындалу керек.Сондықтан мерекені концерттік бағдарламаға арнап ұйымдастыруымыз керек.

4.Тындалды: Балабақша меңгерушісі А.медетова сөз сөйледі.Ол қазіргі таңда ауада жұқпалы вирустардың өршіп тұрғаны туралы айтты.Бала мазасызданған жағдайда ата-аналарға ескертіп отыру керек екенін айтты.
Сөйлегендер: медбике З.Ембаева жұқпалы вирустық-гепатит,ОРУЗИ ауруына шалдықпаудың бірден бір жолы дәрумендер мен құралдан жасалған варенье тосап сусындарды үнемі тұтыну қажет деді медбике.

Шешім:

1.Өткен кеңестің шешімдері орындалды.
2. Тіл мерекесін ұйымдастыру.
3. Тәуелсіздік мерекесіне арналған тәрбие сағатын және жаңа жылға дайындық жүргізілсін.

Меңгерушісі: А.Медетова

Әдіскер: А.Мукажанова

Меңгеруші жанындағы кеңестің
№3 хаттамасы

Мерзімі: 05.01.2023 ж Қатысқандар:10

Күн тәртібінде

1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Тәуелсіздік күні және жаңа жыл мерекелерінің қорытындысы туралы.
3. Қорытынды тексеру.Жарты жылдық есеп.
4. Түрлі мәселелер.

1.Тыңдалды: Б/б меңгерушісі сөз сөйледі.Ол өз сөзінде өткен кеңестің шешімдерінің орындалғаны туралы айтып өтті.Тіл туралы тәрбие сағаттары болып өтті.Балалар тіл туралы тақпақ,өлеңдерін жақсы айтып шықты.Сонымен бірге тәуелсіздігімізге 31 жыл,жаңа жыл мерекелері болып өтті.Және де біздің балабақшаға балалардың денсаулығы жақсы,тұмау жоқ екенін айтып өтті.
2.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі сөз алды.Ол өз сөзінде тәуелсіздік күні барлық топта болып өтті.Тәрбиешілер тәрбие сағатына жақсы дайындалған.
Балалар өздерінің тақпақ,өлеңдерін айтып, Топ іші мерекеге сай безендірілген.Балалар мерекелік киім киген.Топқа аяз ата мен ақшақар кіріп келіп балалардан мені таныдындарма деп сұрап,балалардан өлеңдерін сұрады.Мерекелік ертеңгілікте кемшіліктер болмады емес,болды.Балалар өлең тақпақтарын айтып болғасын басқаларды тыңдамай шулап кетті. Мад топтың тәрбиешілері жақсы дайындаған балаларды,кішкене босатып алып тез жинап алды балаларды.
ортаңғы топта болып өтті.Топ іші мерекеге сай безендірілген.Балалар тақпақтарын жақсы айтып шықты.Кемшіліктерде болды.Балалардың біреуінің аяқ киімі бар болса,бірёуі жоқ.
3.Тыңдалды:Балабақша әдіскері сөз алды 2022 -2023 оқу жылында топтардың үлгілік оқу бағдарламасы міндеттемелері бойынша жұмыс жүргізілуде.Балабақша ата-аналармен үнемі тығыз байланысты жұмыс жасап келеді.
2022 -2023 оқу жылының жоспарымен және жаңадан қосылған балалардың ата-аналарын балабақшамен таныстыру мақсатында қыркүйек айында топта ата-аналар жиналысы болып өтті.

Жиналыста ата-аналар жаңа оқу жылының міндеттемелерімен,жыл бойында балалармен түрлі бағытта жүргізілетін тәрбиелік іс-шаралар жоспарымен танысты және ата-ана мен балабақша арасындағы келісім шартпен танысып,қол қойды.
1 қыркүйек күніне арналған мерекелік «Білім күні» іс – шарасы өткізілді. Қазақ тілінің мәртебесін арттыру және туған тілімізді насихаттау,құрметтеу мақсатында 22 қыркүйек ҚР халықтарының тілдер мерекесіне орай «Ана тілім-дана тілім» атты мерекелік іс-шара өткізілді.
4.Тыңдалды:Түрлі мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Медетова сөз алды. Ол өз сөзінде балаладың ұйықтар алдында киетін киімдерін, және топқа киетін аяқ киімдерін толық алдыру керектігін айтты.

Шешім:

1.Өткен кеңес шешімдері орындалды.
2. «Жаңа жыл» ертеңгілік мерекеге 3 топқада 4(жақсы! Деген баға қойылсын.
3.Қорытынды тексеру есеп берілді.

Меңгерушісі: А.Медетова

Әдіскер: А.Мукажанова

Меңгеруші жанындағы кеңестің
№4 хаттамасы

Мерзімі: 06.03.2023 ж

Қатысқандар: 15

Күн тәртібінде

1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. 8-наурыз және наурыз мерекелерінің сценарийлерін бекіту туралы
3. «Жігіт сұлтаны» және «Қыз сыны» байқаулардың сценарийлерін бекіту туралы.
4. Түрлі мәселелер.

1.Тыңдалды: Б/б меңгерушісі А.Медетова сөз сөйледі.Ол өз сөзінде өткен кеңестің шешімдерінің орындалғаны туралы айтып өтті мерекелік ертеңгілік болып өтті.Қорытынды тексеру,жарты жылдық есеп берілді.

2.Тыңдалды: Алдымызда 8-наурыз халықаралық әйелдер мейрамы мен 22-наурыз ұлыстың ұлы күні келе жатыр.Көктем кірісімен осы 2 мерекені біз үлкен қуанышпен,балабақша ұжым болып тойлаймыз.Балалар алғашқы тәрбиені балабақша табалдырығынан бастайды.Осыған байланысты 8-наурыз мерекесіне ортаңғы топта қыз сынын өткізсек,ал қазақтың жаңа жылы 22-наурыз күн мен түн теңелген күн деп ерекше тойлайтын мерекеге ортаңғы топтың жігіттерін қатыстырып «Жігіт сұлтанын» бекітемін,-деді меңгеруші. «Қыз сынын» Мад топ тәрбиешісі ЭльмираУсенбаеваға,ән саз жетекшісі Гулжан Сайфутдиноваға жүктелсін. «Жігіт сұлтанын» Мад топ тәрбиешісі Айгул Дауренова , ән саз жетекшісі Гулжан Сайфутдиноваға жүктелсін.
4.Тыңдалды: Балабақша әдіскері сөз алды.Ол өз сөзінде балаларды мерекеге сай киіндіріп, мереке барысында балаларға мұқият қарауға,үсті-басына қарауды тапсырды.
«Қыз сынын» өткізгенде орын емес,номинация берілетінін ата-анаға дұрыстап түсіндіріңіздер,-деп айтты.
Балаларды өз кезегімен,ретімен шығару керектігін және оларға мадақтау грамотасын,нөмірленген карточкалар,номинациялар дайындау керектігін айтып шықты.

Шешім:

1.Өткен кеңес шешімдері орындалды.

2. 8-наурыз, 22- наурыз мерекелері бекітілсін.

3. «Жігіт сұлтаны», «Қыз сыны» сценарийлері бекітілсін.

Б/б меңгерушісі: А.Медетова

Меңгеруші жанындағы кеңестің
№5 хаттамасы

Мерзімі: 05.04.2023ж Қатысқандар: 15

Күн тәртібінде

1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. 8-наурыз және наурыз мерекелерінің қорытындысы туралы.
3. «Жігіт сұлтаны» байқауларының сценарийлерін бекіту
4. 1-мамыр және 9-мамыр сценарийлерін талқылау,бекіту.
5.Түрлі мәселелер.

1.Тыңдалды: Б/б меңгерушісі: А.Медетова сөз алды.Ол өз сөзінде өткен кеңестің шешімдерінің орындалғанын айтты.Балабақшада 8-наурыз және наурыз мерекелері өткізілді.
2.Тыңдалды: Б/б меңгерушісі А.Медетова сөз алды.Ол өз сөзінде балабақшада 8-наурыз мерекесі 3-топта өтілді.Топ мерекеге сай безендірілген. Орта топтың тәрбиешісі А.Абдированың тобында балалар мерекеге сай киініп келген.Балалар тақпақтарын айтып,билерін билеп шықты.Ересек топта балалар мерекеге сай киініп келген.Балалар өлең , тақпақтарын жақсы айтып шықты. Тәрбиешілер Дауренова ересек топ балалары мерекеге сай киінген.Өлең тақпақтар көріністерін жақсы айтып шықты.Тәрбиешілері Э.Усенбаева сонымен қатар кемшіліктер де жоқ емес ,балалар әлі де толықтай ашылмаған.Балалармен тәрбиешілер көп жұмыс жүргізу керек.Наурыз мерекесі-ұлыстың ұлы күніне тәрбиешілер де,балаларда ұлттық киім мерекеге сай киініп шықты.Балалар өлең, тақпақтарын айтып шықты.Ортаңғы топ бүлдіршіндері айтыс,қыз қуу,көкпкар сияқты ұлттық ойын – салт-дәстүрлерімізді көрсетті.
3.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі А.Медетова сөз алды.Ол өз сөзінде « Қыз сыны» байқауы балабақшада болып өтті.Тәрбиешілер бұл сайысқа жақсы дайындалған.

Қыз сынында қыздарымыз шарттарға жақсы дайындалып,өздерін таныстырды, өз өнерін көрсетті,сән үлгісі,қол өнерлерін

көрсетті.Тәрбиешілер балалармен жақсы жұмыс жүргізгені көрініп тұр.Тәрбиешілерге 5 (өте жақсы) деген баға қойылды.
4.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі сөз алды.Ол өз сөзінде алдымызда 1-мамыр-бейбітшілік күні және 9-мамыр Жеңіс күні келе жатыр.Осыған орай балаларды достыққа мейрімділікке тәрбиелеп,ұлттар достығын түсіндіруіміз керек.Әр ұлттың биін үйретіп, тақпақтар,өлеңдерін үш тілде айтқызу керек.
9-мамыр жеңіс күні.Ұлы жеңіске биыл-78 жыл толуына орай балабақшаға қарт кісілерді шақыру керек.Балаларға отаншыл,рухани тәрбиені түсіндіріп көріністер көрсету керек.
5.Тыңдалды: Түрлі мәселелер бойынша балабақша медбикесі З.Ембаева сөз алды.Ол өз сөзінде жануарлардың құтыру вирусы адамдар үшін өте қауіпті.Қазір көктем,жаз айларында бұл ауру түрі көбейеді.Және де жануарлар тістеп алған жағдайға тез арада медицина қызметкерлеріне көрініңіз! деді.

Шешімі:

1.Өткен кеңес шешімдері орындалды.
2.Сегізінші наурыз, Наурыз мерекелері қорытындыланды.
3. Қыз сыны байқауы қорытындыланды.
4. 1 мамыр, 9 мамыр сценарийлері бекітілді.

Б/б меңгерушісі: А.Медетова

Меңгеруші жанындағы кеңестің
№1 хаттамасы

15.09.2023 Қатысқандар:21

Күн тәртібінде

1.Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы туралы.
2.Жалпы және топтық ата -аналар жиналысына дайындық туралы.
3. «Тіл ғұмыры –ұлт ғұмыры » атты тәрбие сағатын өткізу туралы.
4.Балалардың салмақ,бойларын өлшеу туралы.
5. Түрлі мәселелер.

1.Тыңдалды: Б/б меңгерушісі А.Медетова төмендегідей сөз сөйледі.Ол өз сөзінде 2023-2024 оқу жылына балабақша қызметкерлерінің қандай дәрежеде екенін айтты. Тәрбиешілер мен көмекшілер әр қайсысы өз топтарын безендірген.Барлық топтардың дамыту орталықтары жоғары деңгейде . Тәрбиешілер өздерінің функционалдық қызметтеріне дайын жүр.Барлық топта балалардың ой өрісін дамытатын дамыту орталары толықтырылған.Бұдан 2 жыл 1жыл бұрын тәрбиешілер жасаған заттар,қол еңбектері көбейтілген.Барлық тәрбиешілерге ескертілді дамытушы ойыншықтар қолданыңдар сабаққа деді меңгеруші. Меңгеруші сонымен қатар,тәбиешілердің оқу әдістеме құжаттарының толтыру деңгейі қаншалықты деп сұрады. Және барлық тәрбиешілердің жоспарлары мен дәптерлерін біртіндеп тексеріп шықты.Тексеру барысында мына төмендегі кемшіліктер анықталды.Меңгеруші жоғарыда анықталған кемшіліктерді алдағы уақытта болдырмауды талап етті.

2.Тыңдалды: Б/б әдіскері сөз алды. Ата- аналар жиналысында бірнеше мәселелер қаралады деді.

1. «Жаңа келген баланың балабақшаға бейімделуі» жаңа келген ата аналарға балабақша қызметкерлерін таныстыру және ата аналар комитетін сайлау және т.б. Күн тәртібінде қаралатын мәселелер бойынша жауаптылар дайындалып келіңіздер деді әдіскер.

3.Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша б/б әдіскері Г.Сайфутдинова сөз алды. Жылдық жоспар белгіленген іс-әрекетті орындау мақсатында балалармен жұмыс жүргізуіміз керек.Қыркүйек айында «Тіл ғұмыры-ұлт ғұмыры» атты тәрбие сағаттары өтіледі. Сол тәрбие сағатына дайындықты бастау керек деп тапсырмалар берілді.

4.Тыңдалды: Балабақша мейірбикесі З.Ембаева сөз алды. Ол өз сөзінде

балабақшаға жаңадан келіп жатқан балалардың бойы және салмағын өлшеп,белгілеп жүргенін айтты.Ол бұл процедураны тамыз айында жүргізгенін айтты. Балалардың тазалықтарына көңіл бөліп қабылдап алуымыз керек

5.Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша б/б меңгерушісі А.Медетова сөз сөйледі. 2023 жылдың қыркүйек «Қаупсіздік шараларының ережесін сақтау» қауіпсіздік ережелерінмен таныстыру.Топтардағы топ бұрыштары,кітап бұрыштары басқа да ұйымдастылылған оқу іс қызметтеріне қажетті материалдармен толықтырылсын.

Шешім:

1.Барлық топта өткен «Тіл ғұмыры-ұлт ғұмыры» тәрбие сағатына жақсы деген баға берілсін.

2.Балабақшаның топ бұрыштары толықтырылсын.

3.Қауіпсіздік ережелері сақталсын.

Б/б меңгерушісі: А.Медетова

Б/Б әдіскері: Г.Сайфутдинова

Меңгеруші жанындағы кеңестің
№2 хаттамасы

04.10.2023ж **Қатысқандар:17**

Күн тәртібінде

1Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Тамақтану барысындағы мәдени-гигиеналық талаптардың орындалуы (бақылау қорытындысы)
3. Балабақша аумағының жай-күйі.Балабақшаның қысқы маусымға дайындығы.
4. Балалардың балабақшаға келуі.
5. Түрлі мәселелер.

1.Тыңдалды: Б/б меңгерушісі А.Медетова сөз сөйледі.Ол өз сөзінде өткен кеңестің шешімдерінің орындалғаны туралы айтты.Балабақшада жалпы және топтық ата-аналар жиналыстары өткізілді. Барлық топта «Ана тілім-дана тілім» атты тәрбие сағаттары өткізілді.Балабақшада балалардың салмағы бойлары өлшенеді.

Балабақша меңгерушісі А.Медетова сөз сөйледі.Ол балабақшада болып өткен тәрбие сағаттарына тоқталды.Сахна мерекеге сай безендірілген.Балалар «Ана тілі» туралы тақпақтар айтты.

2.Тыңдалды:Б/б меңгерушісі А.Медетова және әдіскері Г.Сайфутдинова сөз сөйледі, алда «Күз жомарт» атты іс-шара келе жатқаны жайлы айтылды. 2023 жылдың қазан айында осы іс-шараға ұжым болып дайындалу керек.Сондықтан мерекені концерттік бағдарламаға арнап ұйымдастыруымыз керек

3.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі А.Медетова сөз сөйледі.Ол қазіргі таңда ауада жұқпалы вирустардың өршіп тұрғаны туралы айтты.Бала мазасызданған жағдайда ата-аналарға ескертіп отыру керек екенін айтты.
Баланы балабақшаға кешікпей
Сөйлегендер: медбике З.Ембаева жұқпалы вирустық-гепатит,ОРУЗИ ауруына шалдықпаудың бірден бір жолы дәрумендер мен құралдан жасалған варенье тосап сусындарды үнемі тұтыну қажет деді медбике.

4.Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша шаруа меңгерушісі Н.Култаев алдағы уақытқа балабақшаға жылу жүйесі дайын екенін айтып өтті.Педогогтармен балаларға өрт қауіпсіздігі туралы есеп берді.Педогогтарға балалармен өрт туралы күнделікті ескерту жасап отыруларын айтып өтті.Әр айда өрт қауіпсіздігі туралы жаттығулар өткізіліп тұрсын.

Түрлі мәселе бойынша меңгеруші А.Медетова балабақшаның ішкі тәртібі жайлы түсіндірме жұмыс жүргізді.балабақшаның тазалығы,балалардың тазалығы барлығын қадағалап тыңғылықты жұмыс жасауларын айтты.

Шешім:

1.Өткен кеңестің шешімдері орындалды.
2. «Күз жомарт» мерекесін ұйымдастыру.
3. Күз мерекесіне арналған тәрбие сағатын және 25қазан Республика күніне дайындық жүргізілсін.

Меңгеруші: А.Медетова

Әдіскер: Г.Сайфутдинова

Меңгеруші жанындағы кеңестің
№3 хаттамасы

06.11.2023ж Қатысқандар:18

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Бала құқығының орындалуы,сақталуы»
3. Тәуелсіздік күніне дайындық
4.Топтардағы ойыншықтардың жуылуы,Таңертеңгі қабылдау ,балалардың денсаулықтарын қадағалау(бақылау).
5. Түрлі мәселелер.

1.Тыңдалды: Б/б меңгерушісі А.Медетова сөз сөйледі.Ол өз сөзінде өткен кеңестің шешімдерінің орындалғаны туралы айтты.Балабақшада жалпы және топтық ата-аналар жиналыстары өткізілді. Барлық топта «Ана тілім-ардағым» атты тәрбие сағаттары өткізілді.Балабақшада балалардың салмағы бойлары өлшенеді.

2.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі А.Медетова сөз сөйледі.Ол балабақшада болып өткен тәрбие сағаттарына тоқталды.Сахна мерекеге сай безендірілген.Балалар «Ана тілі» туралы тақпақтар айтты.Тілімізді құрметтеу-елімізді құрметтеу болып табылады

3.Тыңдалды:Б/б әдіскері Г,Сайфутдинова сөз сөйледі, ол өз сөздерінде еліміздің тәуелсіздігіне арналған еркін айтулы іс-шара келе жатқаны айтылды. 2023 жылдың желтоқсан айында осы іс-шараға ұжым болып дайындалу керек.Сондықтан мерекені концерттік бағдарламаға арнап ұйымдастыруымыз керек.Балаларға еліміздің тәуелсіздігін терең ұғындыра ,түсіндіру қажет,Көк туымыздың тұғыры биік болып желбірей берсін.

4.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі З.Ембаева сөз сөйледі.Ол қазіргі таңда ауада жұқпалы вирустардың өршіп тұрғаны туралы айтты.Бала мазасызданған жағдайда ата-аналарға ескертіп отыру керек екенін айтты. Балабақшада балалардың салмағы бойлары өлшенеді.Балалардың қауіпсіздік ережелерін қатаң түрде сақтауды қадағалаңдар. жұқпалы вирустық-гепатит,ОРВИ ережелерін ауруына шалдықпаудың бірден бір жолы дәрумендер мен қолдан жасалған варенье тосап сусындарды үнемі тұтыну қажет деді медбике.

Шешім:

1.Өткен кеңестің шешімдері орындалды.

2 Тұңғыш президент күніне ашық сабақтар өтілсін

3. Тәуелсіздік мерекесіне арналған тәрбие сағатын және жаңа жылға дайындық жүргізілсін.

Меңгеруші А.Медетова

Әдіскер: Г.Сайфутдинова

Меңгеруші жанындағы кеңестің
№4 хаттамасы

04.12.2023ж Қатысқандар:8

Күн тәртібінде:

1 №3 меңгеруші жанындағы отырыс шешімінің орындалуы.
2. «Балабақшаның ішкі тәртіп ережелерінің орындалуы»
3. Шырша мерекесіне дайындыжәне ұйымдастырылуы .
4. Шынықтыру шараларының ұйымдастырылу деңгейі (қорытынды)
5.Ағымдағы мәселелер

1.Тыңдалды: Б/б меңгерушісі А.Медетова сөз сөйледі.Ол өз сөзінде өткен кеңестің шешімдерінің орындалғаны туралы айтты. Барлық топта «Тәуелсіздік тұғырым» атты тәрбие сағаттары өткізілді.Әр топ өздері топтарында мерекелік іс-шаралар өткізді Балабақша меңгерушісі А.Медетова сөз сөйледі.Ол балабақшада болып өткен тәрбие сағаттарына тоқталды.Сахна мерекеге сай безендірілген.Балалар тәуелсіздік мерекесі туралы тақпақтар айтты.тәуелсіздк туралы түсіндірме жұмыстары,патриоттық сезімдерін ояту мақсатында іс-шаралар өткізілді .

2.Тыңдалды:Б/б тәрбиеші Э.Усенбаева сөз сөйледі, ол өз сөздерінде жаңа жыл мерекесінің келе жатқаны айтылды. Келе жатқан жаңа жыл мерекесіне балалар костюмын жаңартуын айтып өтті.костюмдердің жөндеу барысында ,әшекейлеп дайындау қажеттігін айтып өтті. Балалар қатты қуанатындай шырша мерекесін жақсы дайындық пен өткізу туралы ұсыныс тастаймын .Апайлар сюжеттік рольдерге түгел қатысуларыңызды өтінемін .Бала біздің болашағымыз,денсаулықтары мықты болсын,балаларға мерекелік қуаныш сыйлайық

3.Тыңдалды: Балабақша медбикесі З.Ембаева сөз сөйледі.Ол қазіргі таңда ауада жұқпалы тұмаудың өршіп тұрғаны туралы айтты.Бала мазасызданған жағдайда ата-аналарға ескертіп отыру керек екенін айтты таңертең балалардың ыстығын тексеріп толықтай қадағалап қабылдап алуын айтты. Жұқпалы вирустық-гепатит,ОРУЗИ ауруына шалдықпаудың бірден бір жолы тазалық сақтау қолды сабындап жуып тазалық сақтап жүру деп айтты медбике.

Шешім:

1.Өткен кеңестің шешімдері орындалды.

2.Тәуелсіздік мерекесіне арналған тәрбие сағатын өткізуге дайындық жүргізілсін.

3.Жаңа жылдық мерекелерге топтарға дайындық жүргізуге тапсырма берілсін.

4.Жаңа жылдық мереклік кештер кезінде қауіпсіздік ережелері сақталсын.

Меңгеруші: А.Медетова

Әдіскер: Г.Сайфутдинова

«10» қантар 2022ж.

Меңгеруші алдындағы отырыс.

Х А Т Т А М А С Ы №3

Қатысқаны:18
Қатыспағаны:-

К ү н т ә р т і б і

1.№ 2 меңгеруші жанындағы жиын шешімдерінің орындалуы.
2. Суық тиюдің алдын алу жұмыстары.
3.Аралық мониторингтың қорытындысы
4. Денсаулық мерекесі «Отбасы рухани жаңғыру негізі»
5.Ағымдағы мәселелер.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Медетова төмендегідей сөз сөйледі:

Қызметкерлер күнделікті жұмысқа дайын болып келуі керек. Сабаққа күнделікті дайындықпен және көрнекілік болу керек,формада жүру керек.Балаларды өздеріне қарата алу керексіңдер

Екінші мәселеге көшсек Балабақша медбикесі: Өткен жиындағы шешімдердің орындалуы медбике З.Ембаева өткен айдағы Ата-аналарға кеңестер: «Балабақшадағы және үйдегі күн тәртібі»

«Тұмаудан сақтану» Балабақшаның таза ауа тәртібінің сақталуы.

«Балабақша бөлмелері мен құралдарына қойылатын тазалық талаптары»

«Балабақша қызметкерлерінің жеке гигиенасы»

«Ас үйіне қойылатын тазалық талаптары» Әр ай сайын «Карантин кезіндегі дезинфекциялау»талапқа сай өткізу.

Үшінші мәселеге көшсек балаларды даму картасы кестесі бойынша аралық мониторингтік бақылау талаптарын әр балаға жеке даму парақшаларын толтырып даму поцестерін анықтап бағалау жүргізілсін.

Адам баласы-өмір бойы психологиялық көмекке зәру болмақ. Әсіресе сәбилік балалық шақта мұндай көмек ауадай қажет деп айтсақ та болады. Жалпы бала психологиясындағы белгілі психикалық ауыр әсерлердің түрлерін атап өтсек: «Сен ойнай білмейсің» «Сен дұрыс сөйлей алмайсың» Баланың отбасы мүшелерімен қарым-қатынасын құруға дұрыс сөйлеуге үйрету үшін ата-ана мұғалім болып өзара қарапайым ережелерді ұстануымыз қажет.

Меңгеруші:

Денсаулық мерекесі деген балалардық денсаулықтарын нығайтудағы таңертеңгілік дене шынықтыру сағаттары,дене бұлшықеттерін нығайту,салауатты өмір салтын ұстануға үйрету ,дәріптеу.

бесінші мәселеге келсек баланы дұрыстап қабылдап алу,серуенге дұрыстап киіндіріп шығару.Далаға серуенге балаларды міндетті түрде шығару керек.Қар жауып, күн суық болып тұрған жағдайда серуен ұйымдастырылу керек.

Шешім:

Барлық топта жеке даму карталары жасалынсын.

Тамақтың ұйымдастырылуы күн режиміне сәйкес болсын.

Меңгерушісі: А.Медетова

«28» наурыз 2022ж.

Меңгеруші алдындағы отырыс.

Х А Т Т А М А С Ы №4

Қатысқаны: 16
Қатыспағаны:

К ү н т ә р т і б і:

1.Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы.
2.Шолу ,тексеру қорытындысы. (серуен бөлімдерінің сақталуы)
3. «Жыл басы-Наурыз»мерекелік ертеңгіліктің қорытындысы.
4.Денсаулық күні «Шыныққсын денеміз»ұйымдастыру.
5.Күн тәртібін бекіту,өткізу.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Медетова төмендегідей сөз сөйледі.

Меңгеруші: Бірінші мәселеміз балабақшамыздың тазалығы жөнінде.
Күн жылындыЖарайды,олай
болса мен сендерге сенемін,жұмыстарыңды тыңғылықты істеңдер,айналаны тазаландар. Ауламызды қоқыстардан тазартып,жерді аударып гүл егетін жерлерді дайындаңдар

Ендігі мәселеміз «22-наурыз мерекесі» ертеңгіліктерге анализ.

Меңгеруші: «Жыл басы –наурыз!»- мерекесінің ертеңгіліктері де өтті. Жалпы алғанда ертеңгілігіміз жақсы өтті деп ойлаймын. Залды безендірулерің де тамаша. Бәрі ойдағыдай өтті.Айтып қосарларың болса ортаға салыңдар.

Кіші «Балапан» тобы тәрбиешісі -Г.Сайфутдинова

Усенбаева Элмира: Балалардың билері тамаша болды.Өздеріне таңдалып алынған.Киімдері де керемет.

«Қошақан»ортаңғы тобы тәрбиешісі А.Дауренова

Аманжолова Ділбар: Наурыз мерекесі жақсы деңгейде өтті. Қыдыр ата ,тұсау кесер бәрі жақсы ойдағыдай шықты.Ата-аналар мәз болды.Барлық топтың киімдері де тамаша,билері де тамаша.

Меңгеруші: Наурыз мерекесіне арналған іс-шараны Аманжолова жақсы жүргізді, қазақша киіміде әдемі болды. Өте жақсы өтті. Менің ойымнан шықты.

«Тұсау кесер», «Қыдыр ата», «Наурыз қыз» бәрі жақсы ұйымдастырылған. Күзетшіміз Берік «Қыдыр Ата» рөлін жақсы сомдап шықты.Ән жетекшісі Алия «Наурыз қыз» рөлін жақсы сомдады. «Балапан» кіші тобының ұйымдастыруымен өткен «Тұсау кесер» ұлттық дәстүрімізде тамаша болды.

Безендірулеріңде керемет болды. Балаларыңның билері де ,әндері де жақсы таңдалып алынған.Біз бәріміз бір ауыздан ән жетекшіміз Акилбекова Алия апайға көп-көп рахметімізді айтамыз.Кейінгі іс-шараларыңда осындай жақсы деңгейде өтсін.

Күн тәртібіндегі қаралған «Наурыз-жыл басы!» атты мерекелік іс-шараға қорытынды шешім қабылданды.

Ендігі мәселеміз көктем келіп ,жер жылынды.Енді балаларды таза ауаға шығарып спорттық іс-шара өткізу «Шыныққсын денеміз»атты іс-шара.Балаларды күнде далаға шығарып жаттығу жасатып, әнұран айтқызыңдар.

1. ***«Балапан»кіші тобы тәрбиешісі Г.Сайфутдинва дайындаған мерекелік іс-шара жақсы деп бағаланды.***
2. ***«Қошақан»ортаңғы тобы тәрбиешісіА.Дауренова дайындаған іс-шаранып билері тамаша деген бағамен бағаланды.***
3. ***«Құлыншақ»ересек тобы тәрбиешісі Д.Аманжолова дайындаған қыздар сайысы тамаша деп бағаланды.***
4. **Таңертеңгілік жаттығулар,әнұранымыз күнделікті таза ауада өткізілсін.**

Балабақша меңгерушісі: **А.Медетова**

Әдіскер: **А.Мукажанова**

«24» мамыр 2022ж.

Меңгеруші алдындағы отырыс.

Х А Т Т А М А С Ы №5

Қатысқаны: 15
Қатыспағаны: 1

К ү н т ә р т і б і:

1.№5 меңгеруші жанындағы жиын шешімдерінің орындалуы.
2. Балабақшадағы жазғы сауықтыру шараларының жүргізілуі.
3. «Елордамыз-Нұрсұлтан» 1-қыркүйек «Білім асыл қазына» мерекелік ертеңгіліктің сценариилерімен танысу,бекіту.
4.№1 келесі педогогикалық кеңеске дайындық.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Медетова төмендегідей сөз сөйледі.Балабақшаның жазғы күн тәртібімен таныстыру.Таңғы уақытта кешікпей келу. Ауласын әр топ күнделікті ерте келіп бисеткаларын тазалап сүртіп шығу.Топтың ауасын балалар келмей тазарту.

2.Екінші мәселелеміз жазғы сауықтыру шараларымен танысу.Жазғы сауықтыру жоспарын түзіп болғаннан кейін ,сол жаздық жоспармен жұмыс жасау

3.Үшінші мәселе шілде айында өтетін «Елордамыз –Нұрсұлтан»атты ертеңгілік өткізу туралы.Қоштасуды аяқтап болғаннан соң ертеңгілікке дайындалыңдар.Кейін қыркүйек айына жоспарланған «Білім асыл қазына»атты ертеңгілік жоспарымен таныс болыңдар,тыңғылықты дайын отырыңдар.

4.Төртінші мәселе бойынша меңгеруші А.Медетова жылдық ағымдағы жөндеу жұмыстары туралы айтып өтті.Биыл сылап-сырлау жұмыстарын шілде айында жасасақ па деп отырмыз.Бәріміз жаппай атсалысып жөндеу жұмыстарынан қалмай қатсамыз.

Ағымдық мәселелер бойынша меңгеруші төмендегідей сөз сөйледі.Мәселе ересек «Құлыншақ» тобының қоштасуы жөнінде.

Ділбар,Элмира қоштасуға не жөнінде дайындық болып жатыр? Билерің қалай болып жатыр. Неше бала бітірейін деп жатыр соның бәрін жақсылап дайындап алған шығарсыңдар,бәрі дайын,ойдағыдай деп сендерге сенемін. Безендіру алдын ала дайындалсын. Жақсылап жаңа заттармен толықтырыңдар. Ендігі алдағы мерекелерді жақсылап өткізіңдер. Сұрақтарың бар ма?

Олай болса 2022-2023 жаңа оқу жылына дайындық жасаңдар.Осы бастан бастап барлық құжаттарыңды түгелдей беріңдер.

ШЕШІМ:

1.Жоспарланған ертеңгіліктер өткізілсін.
2.Қоштасу кешіне дайындық жүргізілсін.
3.Айтылған мәселелер толық орындалсын.

Меңгеруші: **А.Медетова**

«15» сәуір 2022ж.

Меңгеруші алдындағы отырыс.

Х А Т Т А М А С Ы №5

Қатысқаны: 15
Қатыспағаны: 1

К ү н т ә р т і б і:

1.№4 меңгеруші жанындағы жиын шешімдерінің орындалуы.
2. Ағымдағы бақылау «Балабақшадағы санитарлық ережелердің сақталуы және педогогтармен өрт қауіпсіздігі бойынша өткізілетін жаттығу туралы есеп.
3. «Күл бүлдіршін ,күліп жүр»балалар күніне арналған мерекелік іс-шаралар жоспарымен танысу
4.Ағымдағы мәселелер.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Медетова төмендегідей сөз сөйледі.

Бірінші мәселе бойынша айтар болсақ жаз мезгілінің келуіне байланысты барлық топтың ойын алаңдары көгалдандырылсын дегенбіз.Барлық топ ойын алаңдары көгалдандырылды,тазаланды,шөптері шабылды,бұдан былай ойын алаңдарыңның шөбін жұлып,таза ұстаңдар.

2.Екінші мәселе бойынша шаруа меңгерушісі Н.Култаев педогогтармен балаларға өрт қауіпсіздігі туралы есеп берді.педогогтарға балармен өрт туралы күнделікті ескерту жасап отыруларын айтып өтті.Әр айда өрт қауіпсіздігі туралы жаттығулар өткізіліп тұрсын.

3.Үшінші мәселе бойынша алдымызда келе жатқан балалар күніне орай «Күл бүлдіршін ,күліп жүр» атты жоспар түзілген,жоспармен барлық топ тәрбиешілері танысып шығыңдар.Жоспар бойынша жұмыс жүргізілсін.

4.Төртінші мәселе бойынша меңгеруші А.Медетова балабақшаның ішкі тәртібі жайлы түсіндірме жұмыс жүргізді.балабақшаның тазалығы,балалардың тазалығы барлығын қадағалап тыңғылықты жұмыс жасауларын айтты.

ШЕШІМ:

1.Өрт қауіпсіздігі туралы жаттығулар орындалсын.
2.Барлық айтылған мәселелер түгел орындалсын

Меңгеруші: **А.Медетова**

«07» қыркүйек 2021 ж.

Меңгеруші алдындағы отырыс.

Х А Т Т А М А С Ы № 1

Қатысқаны: 18
Қатыспағаны: -

К ү н т ә р т і б і

1.Жаңа оқу жылының жұмыс жоспарын талдау.
2.Жаңа оқу жылына дайындық қорытындысы (мәлімдеме)
3.Бөбекжайдағы жалпы ата-аналар жиналысы мен жеке топтардағы ата-аналар жиналысының жылдық жоспарын бекіту және № 1 ата-аналар жиналысының өткізілуі.
4.Бөбекжай,іс-қағаздарының,жүргізілуі.(Еңбек,өтілі,бұйрықтар,еңбек кітапшасы,журналдар,жеке іс-қағаздар т.б)
5.Балалардың денсаулық топтарын және физикалық денсаулығын тексеру мен қызметкерлердің медициналық бақылаудан өту қорыытындысы.
6.«Қауіпсіздік,шараларының,ережесін,сақтау»,қызметкерлерді,қауіпсіздік ережесімен таныстыру.
7.Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша бастапқы даму мониторингі
8.Қызметкерлерді лауазымдық міндеттерімен таныстыру

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А .Медетова төмендегідей сөз сөйледі: Биыл 2021-2022 оқу жылының жоспары түгелдей жоспарға сай бекітілді.Сабақ кестелері де бекітілді.Сабақты уақытынан кешіктірмей өтіңдер.

Үшінші мәселе бөбекжайдағы ата-аналар жиналысы туралы.Биыл бізде жалпы ата-аналар жиналысы онлайн түрінде екі рет болады,қыркүйек –мамыр айларында .Топтық ата-аналар жиналыс жылына үш рет болады,қыркүйек,желтоқсан,сәуір айларында.

Төртінші мәселе бойынша меңгеруші бөбекжай іс-қағаздарының жүргізілуі туралы қысқаша баяндап өтті. Жұмыс орнында барлық құжаттарымыз жоспар бойынша жүргізіліп отыр.Сендерде құжаттарынды өз уақытында кешіктірмей толықтырып отырыңдар.Циклограмма әр аптаның дүйсенбі күні маған сабақ бастамас бұрын әкеліп бекіттірілсін.

Бесінші мәселе Балабақша медбикесі З.Ембаева төмендегідей сөз сөйледі: балаларды жақсылап тексеріп алыңдар. Таңертең жақсылап тексеріп, ыстығын көріп қабылдап алыңдар.

Алтыншы мәселе бойынша қауіпсіздік шаралар ережесін сақтау туралы. Барлықтарың қауіпсіздік шаралар ережесімен таныстыңдар.енді мұқият болыңдар.әр сабақ үстінде балаларды қауіпсіздік ережесімен таныстырып отырыңдар.

Сегізінші мәселе бойынша меңгеруші А.Медетова әр қызметкер өз лауазымдық міндеттеріңмен танысып қол қойдыңдар,енді сол талаптарға сай жұмыс жасаңдар.

Бір бірлеріңмен келісіп істеңдер.Білмегенді үйретіп , білмегендер үндемей тұрмай ізденіңдер,сұраныңдар. Этика, эстетиканы ұстаныңдар, педогог кейпін жоғалтпаңдар.

Әр-түрлі мәселелер жөнінде: Біздің территориямызға бөгде адамдардың кіруі мүмкін еместігін білесіңдер, қайталаймын ешкімді кіргізбеңдер, бұл бәріңе тиісті. Менің жұмысым емес деп қолдарыңды бір сілтеп кетіп қалмаңдар. Есікті үнемі жауып жүріңдер,ашық қалмасын. Терреториямыздың тазалығын сақтайық.Ұялы телефонмен әр жерде бір сөйлесіп тұрғандарыңды көрмейтін болайын. Шұғыл шаруамен хабарласса ғана рұқсат сөйлесуге. Әр қызметкердің нормативтік берілген күнделік жұмыс уақытын бұзбау керектігін ескертіп өттік.Осы номенклатураға қарап папкаларыңды түгелдеп ,әрі жұмыстарыңды жүргізіңдер.Біздің ішкі тәртібіміз бойынша әрбір қызметкер сырттан келген адамды жылы қабылдау және мүмкіндігінше түсінік беруіміз керек.Жұмыс орнын бір сәткеде рұқсатсыз тастап кетпеу, ұялы телефонды қолданбау және этика ережелерін қатал сақтау керектігін тағыда ескертемін.

Балабақша меңгерушісі: **А.Медетова**

«08» қараша 2021ж.

Меңгеруші алдындағы отырыс.

Х А Т Т А М А С Ы №2

Қатысқаны:18
Қатыспағаны:-

К ү н т ә р т і б і

1.№1 меңгеруші жанындағы жиын шешімдерінің орындалуы
2.Мектепке дейінгі мекемеде құқықтық тәрбиені жүзеге асыру жолдары
3. Балабақшада ас мәзірінің түрлендірілуі мен топтарда тамақтандыруды ұйымдастыру сапасын талқылау.
4.Ағымдағы мәселелер

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Медетова төмендегідей сөз сөйледі:

Сабақты уақытынан кешіктірмей өтіңдер.

Балабақша әдіскері А.Мукажанова екінші мәселе бойынша мынадай қорытындылап өтті. «Балапан» тобының бастапқы кезең бойынша көрсеткіштері нашар.Баламен жұмыс жасаулары өте төмен.Әлі де балалардың жеке даму картасы жасалынбаған. «Қошақан» кіші тобының көрсеткіштері орташа.Жұмыс жүргізу нәтижелері сендерде де төмен. «Құлыншақ» тобының көрсеткіштері жақсы.Жұмыс жасағандары көрініп тұр жақсы.Бірақ бұл топтада жеке даму картасы жасалынбаған.

Екінші мәселеге келсек Баланың негізгі құқықтарының ойын түрінде оқыту.

Бөбекжайдағы оқу-тәрбие жұмысының нәтижелі болуы педагогтың кәсіби шеберлігі не байланысты.Әдістемелік жұмыстың басты бағытының бірі-педагог-тәрбиешінің кәсіби шеберлігін шыңдау.Әдістемелік жұмыс мазмұны мен педагогтың жұмыс нәтижесінің байланысты әр тәрбиешінің кәсіби шеберлігін жүйелі жетілдіру үрдісін қамтамасыз етеді.

Үшінші мәселеге келсек Балабақша медбикесі З.Ембаева төмендегідей сөз сөйлейді: Балаларға уақттылы тамақтарын беріңдер, күн режимі сақталсын, тазалықтарын қадағаландар.

Топтарыңдағы тазалыққа мән беріңдер. Топтарың барлық уақытта таза ұқыпты болатын болсын. Таңертең күнделікті ойыншықтар мен балалар жүретін жерлерді хлормен жууды ұмытпаңдар. Күтушілерің бірінші топты жинастырып яғни сыпырып, тазалап болғаннан соң ыдыс аяқтарын жусын. Топ шашылып жатпасын. Балалар серуенге шыққанда терезелеріңді ашып ауаны тазалап алыңдар. Ауа таза болғаны өте балаларға қолайлы. Төсектерің біркелкі ұқыпты болып тұратын болсын. Балар төсегін жамылмаса ұқыпты етіп жинап қойыңдар, шашылып жатпасын.тәрбиешілер столдарың яғни алдарың қашан қарама шашылып жатады, сумка киім кешек тұрады. Ол жерде тек өздеріңе керекті қағаздарың ғана тұратын болсын. Бұл мәселе бойынша сұрақтарың барма?

Меңгеруші:

Төртінші мәселеге келсек баланы дұрыстап қабылдап алу,серуенге дұрыстап киіндіріп шығару.Далаға серуенге балаларды міндетті түрде шығару керек.Қар жауып, күн суық болып тұрған жағдайда серуен ұйымдастырылу керек.

Шешім:

Барлық топта жеке даму карталары жасалынсын.

Тамақтың ұйымдастырылуы күн режиміне сәйкес болсын.

Меңгеруші: А.Медетова.